

Зұлпыхар Ж.Е. (Астана, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ)

WINDOWS XP-ДЕ РЕЕСТРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН САЯСАТТАР

Операциялық жүйелерге байланысты саясат ең алғашқы рет Windows 2000 жүйесінде пайда болды. Топтық саясат (Group Policy) пайдаланушылардың жұмыс үстелдерін басқару үшін қолданылады. Саясаттың барлық пайдаланушылар жұмысын басқара алу мүмкіндігіне байланысты жүйе администраторына әрбір пайдаланушы жұмысын басқару қажет болмайды, яғни жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оны бақылау жұмысын жеңілдетеді. Барлық локальді саясаттар Active Directory (AD)-мен тікелей байланысты [1, 1].

Саясат дегеніміз не? Сіз жұмыс үстелінің қандай да бір қасиетін орнатасыз, мысалы есептер панелі және т.с.с. Пайдаланушы ретінде сіз оны кез келген уақытта өзгерте аласыз. Саясатты администраторлар орнатады және ол оған ұқсас пайдаланушы қасиеттеріне қарағанда жоғары мүмкіншіліктерге ие. Реестрде саясаттар қасиеттерден бөлек сақталады.

Операциялық жүйе қасиеттер және саясаттармен келесі түрде жұмыс жасайды:

- егер саясат және қасиет орнатылмаса, онда үнсіз келісім бойынша орнатылған параметрлер қолданылады;

- егер саясат орнатылмай, тек пайдаланушы қасиеті орнатылса, онда операциялық жүйе қасиетті қолданады;

- егер керісінше қасиет орнатылмай, тек саясат орнатылса, онда саясат қолданылады;


- саясат және қасиет те орнатылған жағдайда, саясат қолданылады, ал қасиет қабылданбайды.

Егер администратор жұмыс үстелі саясатын орнатса, мысалы «Заставка» параметрлеріне байланысты, онда пайдаланушы оны өзгерте алмайды.

Барлық саясаттар GPO-да (Group Policy Object, топтық саясат объектісі) анықталады. AD-де бірнеше GPO бар: біреуі пайдаланушыларға байланысты қолданылса, екіншісі компьютерге байланысты қолданылады. Локальдық компьютерде бір ғана GPO болады, ол сол локальдық компьютерге және осы компьютер арқылы желіге кіретін барлық пайдаланушыларға байланысты қолданылады. Локальдық GPO баптаулары AD-гі желілік GPO арқылы қайта анықталуы мүмкін. Бірінші болып локальдық GPO, содан кейін желілік GPO өңделеді.

GPO пайдаланушыға, сонымен қатар компьютерге байланысты баптаулардан тұрады. Локальдық саясатты gpedit.msc саясат редакторы көмегімен өңдеуге болады. Оны іске қосу үшін Пуск-Выполнить нұсқауын

орындап, ашылған терезеге gpedit.msc нұсқауын енгізіп, ОК батырмасын шертеміз (сурет 1).



Сурет 1- Топтық саясат редакторы


Сурет 1- де көрсетілгендей топтық саясат екі бөлімнен тұрады: компьютер конфигурациясы және пайдаланушы конфигурациясы. Біріншісі жалпы компьютерлік баптауларын, ал екіншісі пайдаланушы баптауларын құрайды.

Саясат редакторын пайдалану жеңіл орындалады. Мысалы, QoS (Quality of Service) диспетчерінің резервтік өткізу қабілеттілігіне шектеу қояйық. QoS желінің өткізу қабілеттілігінің 20%-н резервтейді, басқаша айтқанда іске қосылған QoS желідегі әрбір компьютердің өткізу қабілеттілігіне шектеу қояды. Оны өзгерту немесе іске қосу үшін Компьютер конфигурациясы - Әкімшілік шаблондар – Желі – QoS диспетчер пакетін таңдау қажет (сурет 2).


Резервтік өткізу қабілеттілігін шектеу элементін екі рет шертіңіз. Шектеу орнатылмаған жағдайда да, QoS өткізу қабілеттілігінің 20%-н резервтейді, сондықтанда шектеуді орнатып және өткізу қабілеттілігін шектеу параметрін 0% деп өзгертіп Применить батырмасын шертіңіз (сурет 3).

Компьютерді қайта жүктеген соң желі жылдам жұмыс істеуі қажет және ол желі арқылы үлкен көлемді файлдарды тасымалдау кезінде анықталады. Ауқымды желілерде (15 компьютерден жоғары) QoS-ті осындай тәсіл арқылы өшіруге кеңес берілмейді, себебі әрбір жеке компьютердің өткізу қабілеттілігін шектеу арқылы ол желінің максималды

жүктелу кезіндегі жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Бірақ шағын желілерде (5-15 компьютер) QoS-ті өшіруге болады.



Сурет 2. QoS диспетчер пакеті



Сурет 3. Резервтік өткізу қабілеттілігін шектеу

Топтық саясаттың кеңеймелерін қарастырайық.

GPO-ны баптау үшін сіз топтық саясаттың кеңеймелерін қолдана аласыз. Оның кеңеймелері болып сіз саясат редакторында көретін әрбір ішкі бөлім табылады. Саясат редакторын іске қосқанда мүмкін болатын барлық кеңеймелер жүктеледі.

GPO-гі топтық саясатта ұсынылатын кейбір кеңеймелер:

- әкімшілік шаблондар – HKCU (HKEY_CURRENT_USER), сонымен қатар HKLM (HKEY_LOCAL_MACHINE)-де жазылатын реестр баптауларынан құралатын арнайы файлдарды құру үшін арналған топтық саясат;

- сценарий – сіз пайдаланушылар енгенде немесе шыққанда орындалатын сценарийлер құра аласыз. Сценарийлерді саясат редакторының Windows конфигурациясы бөлімінен көре аласыз;

- қауіпсіздік параметрлері – администратор қауіпсіздік параметрлерін басқара алады, соның ішінде пароль саясаты, пайдаланушылар құқықтары, қосымшаларды іске қосуды шектеу. Қауіпсіздік параметрлерін саясат редакторының Windows конфигурациясы бөлімінен таба аласыз.

Әкімшілік шаблондар туралы.

Әкімшілік шаблондар – реестрге негізделген саясат, басқаша аты - әкімшілік саясат. Бұл пайдаланушы қасиеттерін қайта анықтайтын баптаулар, олар реестрде сақталады және пайдаланушылар оны өзгерте алмайды. Енді әкімшілік шаблондар реестрге қалай енетінін қарастырайық. Саясаттар, әкімшілік шаблондар .adm кеңеймелі файлдармен анықталады. Кейбір жағдайларда оларды ADM-файлдар деп те атайды. Шаблондар (ADM- файлдар) реестрдің кейбір баптауларын өзгерту үшін пайдаланушы интерфейсіне сипаттама береді. Саясат редакторы ADM-файлдарды жүктейді, және администратор саясат редакторы көмегімен реестр баптауларын өңдейді. Осыдан кейін олар локальді GPO-ға, ал ол жақтан реестрге жіберіледі.

Еске сала кетер жайт, реестр редакторы көмегімен реестр параметрлерін өзгертуге болады, бірақ мұндағы кілттер атауларын және олардың мүмкін болатын мәндерін есте сақтауды ұмытпау қажет.

Реестрді өңдеу процесін әлдеқайда жеңіл етуге болады. Ол үшін әкімшілік шаблон, яғни ADM-файл құру қажет. Онда реестрдің белгілі бір параметрін өзгерту үшін пайдаланушы интерфейсінің элементтері жазылуы керек, мысалы параметр атауы және оның мүмкін болатын мәндері бар терезе. ADM-файл – бұл өзіндік бір бағдарлама емес. Ол пайдаланушының графикалық интерфейс элементтерін анықтағанмен, сіз ADM-файлмен құрылған терезелерді тек саясат редакторы көмегімен көре аласыз. Сонымен сіз саясат редакторында қажетті ADM-файлды таңдап аласыз. Экранда өзгертілетін параметр толығымен көрсетілген терезе

ашылады (сурет 3). Сіз параметрге жаңа мән бересізде ОК батырмасын шертесіз. Барлық өзгерістер реестрге жіберіледі.

Әкімшілік шаблондардың артықшылығы сізге кілт, реестр параметрлері атауларын, мүмкін болатын мәндер тізімін есте сақтау қажет емес, тек саясат редакторын ашып және қажетті параметрдің мәнін өзгертсеңіз болғаны. Бұл реестр редакторын қолданғаннан әлдеқайда жеңіл, әрі ыңғайлы.

Windows XP-де келесідей стандартты әкімшілік шаблондар бар:

- conf.adm – NetMeeting-ке арналған саясат;
- inetres.adm – Internet Explorer-ге арналған саясат;
- system.adm- саясат редакторы терезесінің әкімшілік шаблондар бөлімінде көрсетілген базалық саясаттар;
- wmpplayer.adm- Windows Media Player үшін саясат.

Саясат үш күйдің біреуінде болады: «Не задан», «Включен», «Отключен» (сурет 3). Бұл күйлердің айырмашылықтары келесідей- егер саясатқа мән берілмесе, онда оған сай реестр параметрі жойылады, яғни бұл кезде пайдаланушы қасиеті қолданылады;

- егер саясат іске қосылған болса, онда оған сәйкес реестр параметріне активті күйге сай «1» мәні меншіктеледі (немесе 0-ден өзгеше кез-келген сан);

- егер саясат өшірілген болса, онда оған сәйкес реестр параметріне «0» мәні меншіктеледі.

Саясаттар реестрдің Software/Policies бөлімінде сақталады. Мұндай бөлім HKLM-ң, сонымен қатар HKCU-ң ішінде орналасады. HKLM/Software/Policies - бөлімінде жалпы жүйелік, ал HKCU/Software/Policies - те пайдаланушы саясаттары сақталады.

Саясаттар бұл бөлімдерден басқа Software/Microsoft/Windows/Current Version/Policies бөлімінде де сақталуы мүмкін. Бұл бөлімдегі саясаттар реестрге қайта өзгертуге жатпайтын тұрақтылар енгізеді. Пайдаланушы реестрдің бұл бөлімін, сәйкесінше саясатты өзгерте алмауы үшін қатынау тізімі (ACL) орнатылады. ACL-ге сәйкес, үнсіз келісім бойынша бұл бөлімдерді тек администратор өзгерте алады. Users және PowerUsers топтарындағы пайдаланушылар бөлімдерді өзгерту құқына ие емес. Енді саясаттардың дискіде орналасуын қарастырайық. Локальдық GPO %System Root%\System32\GroupPolicy каталогында сақталады. Бұл каталогты көру үшін жасырын және жүйелік файлдарды көрсету режимін іске қосу қажет. Бұл каталогтардан келесі ішкі каталогтарды көре аласыз:

- \Adm- локальдық GPO-ң барлық ADM- файлдарын сақтайды;
- \Machine- Registry.pol файлын құрайды, онда жалпы жүйелік саясаттар сақталады;
- \Machine\Scripts- локальдық GPO-ң жалпы жүйелік сценариін сақтайды;

- \User- пайдаланушыларға арналған саясаттар сақталатын Registry.pol файлынан тұрады;

- \User\Scripts- локальдық GPO-ң пайдаланушы сценарилерін сақтайды.

Қолданылған әдебиет:

1. Колисниченко Д., Секреты реестра Windows XP/Vista, «БХВ-Петербург», Санкт-Петербург, 2008ж.